



Тамаққа шектеу қажет пе?

Кез келген тіршілік иесі өмір сүру үшін өзіне қорек іздейді, яғни тамақтанады. Адам баласы да өмір сүру үшін тамақтанады, сондықтан қазақ халқы «Ас – адамның арқауы» дейді. Бәрімізге белгілі, заман өзгеріп, технология дамыды, осыған орай біздің тұтынатын тағам түрлерінің де саны артты. Біздің үстелімізге жеткенше тағам қандай арақашықтықты бағындыратынын білесіз бе? Бүгінгі таңда маусымдық өнімдерді жыл он екі ай бойы үздіксіз тұтынатынымыз таңғаларлық дүние емес. Бағасына қарамастан қыста қарбыз жеп, құлпынай мен түрлі тропиктік жеміс-жидектерді дастархан сәніне айналдыра аламыз. Алайда экологиялық тұрғыдан қарасақ, бұл әлдеқайда қымбатқа түсер еді. Себебі бұл өнімді тасымалдау үшін түрлі техникалар, су көліктері, жүк көліктері, әуе көліктері жұмылдырылды. Олар өз кезегінде экологияға біраз кері әсерін тигізіп жатыр. Екіншіден, белгілі бір өнімді өсіру үшін қанша орман оталып, қанша жерге пестицидтер себілгенін есептеп те жатқанымыз жоқ. Тіпті жылыжайларда өсірілген күннің өзінде оны жылыту үшін, баптап, күту үшін де көп энергия жұмсалады. Түптеп келгенде, экологияға тигізер зардабымыз ұшан-теңіз.

Сонда не істеу керек? Сұранысты азайту. Көп жағдайда жергілікті өңірдің өнімдерін тұтынған абзал. Белгілі бір өнімді сатып алмас бұрын жапсырмасына назар аударыңыз: қайда, қашан өндірілген? Жергілікті өңірдің өнімдерін тұтынуға тырысыңыз. Бұл сіздің де қаражатыңызды үнемдеуге көмектеседі. Әрине, өзіңіздің бау-бақшаңыз болса, тіпті керемет болар еді.

1. Суретте берілген сөздерді дыбыста.



2. Мәтінде көтерілген тақырыпты бір сөзбен жазыңыз.

3. Мәтін мазмұнына сай 3 тұжырымдарды «+» белгісімен белгіле.

Технологияның дамуы тамақ индустриясына әсер етеді	
Қарбыз бен құлпынайды тек қана жазда жеуге болады	
Шекара маусымдық өнімдер ұғымын жойды	
Жылыжайларда өсірілген өнімдер арзанға шығады.	
Маусымдық өнімдерді жыл бойы тұтыну экологиялық тұрғыдан тиімсіз.	

4. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтыр.

Өндіру, қарбыз, тасымалдау, тамақ

Барлық тіршілік иелеріне керек. Қыстыгүні жесе,
таңқалмаймыз. Өнімдерді экологиялық тұрғыдан тиімсіз. Белгілі бір
өнімді үшін кең алқапты ормандар оталуы мүмкін.

5. Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Мәтінде қандай мәселе көтерілген?

- А. Тамактанудың салдары
- Ә. Тағамға көп ақша жұмсау
- Б. Тағамның экологияға әсері.

2. Автор тағамның экологияға әсерін қалай түсіндіреді?

- А. Қыста-жазы көкөністерді тұтыну – топырақ құнарлығын бұзады.
- Ә. Тасымалдың экологиялық тиімсіздігі.
- Б. Сұраныстың азаймауы – үлкен қасірет.

3. Экологияны сақтаудың тиімді шешімі қандай?

- А. Шетелдік өнімді сатып алмау
- Ә. Тауардың жапсырмасына назар аудару
- Б. Жекеменшік бау-бақшаның болуы.

5. Өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

Қалай ойлайсың, тамаққа шектеу керек пе? Мәтіннен кемінде 3 дәлел қолданып өз позицияңды көрсет.

Дәретхана қағазы	15 жыл
Газет	1-3 ай
Алма қалдығы	3-4 ай
Фотосурет,сіріңке	2-4 күн
Темекі, журналдар	1-5 ай
Пакеттер	1-5 жыл
Консерва	50 жыл
Алюминий, батарея	200 жыл
Пластик бөтелке, жөргектер	400-450 жыл